

## ҚЫРАН ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН

Б. РИМОВА АТЫНДАҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ДРАМА ТЕАТРЫНДА І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ҚЫРАН ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ.

Шара барысында университеттің Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Бөрібаев құттықтау сөз сөйлеп, мереке қарсаңында оқу орнының дамуына үлес қосқан бірқатар оқытушылар мен қызметкерлерді марапаттады.

«Тәуелсіздігіміздің асқақ символы, елдігіміздің бастауы саналатын Республика күнінің маңызы зор. Бұл мереке – Отанға деген сүйіспеншілікті және әділетті Қазақстанды құру жолындағы ынтымақтастыққа деген ұмтылысты білдіреді», – деді өз сөзінде Ермек Әбілтайұлы.

Мерекелік жиында «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен – тарих ғылымдарының кандидаты, Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры Назгүл Байғабатова; «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен – филология ғылымдарының кандидаты, Педагогика және психология кафедрасының оқытушы-дәріскері Айгүл Ғалиева; «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен – жаратылыстану пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессоры Еркін Тоқпанов;

«Ілияс Жансүгіров» төсбелгісімен – №1 оқу ғимаратының меңгерушісі Гүлшат Жаманаева;

«Кәсіподақ ардагері» төсбелгісімен – Жаратылыстану-техникалық факультетінің оқытушысы Мырзабай Жетимов және гуманитарлық факультеттің қауымдастырылған профессоры Сания Машанова марапатталды.

«Ғылым үздігі» құрмет дипломымен – тарих ғылымдарының кандидаты Ержан Буланов және PhD, физика және математика кафедрасының оқытушысы Екатерина Гаврилова марапатталды.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен

PhD, Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасының меңгерушісі Ажар Абуханова, магистр, Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының оқытушы-дәріскері Жанибек Ахметов, Байланыс және имидждік саясат орталығының директоры Еламан Марат, Мәдени-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлімнің мұражайшысы Бақытгүл Какимсеит марапатталды.

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломымен – физика-математика ғылымдарының кандидаты, Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығының директоры Гүлмира Қалжанова және магистр, мәдени-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлімнің аға ұйымдастырушысы Гүлдария Исакова марапатталды.

Сонымен қатар Оқу-ағарту министрлігінің, Жетісу облысы әкімінің, облыстық мәслихаттың және салалық кәсіподақ ұйымдарының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары университеттің бірқатар қызметкерлеріне табысталды.

Салтанатты жиын Республика күніне арналған мерекелік концертпен жалғасын тапты.



## АРНАЙЫ САЙТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазіргі цифрлық дәуірде онлайн оқыту білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Онлайн курстар студенттер мен мамандарға тәуелсіз білім алуға мүмкіндік беріп, үздіксіз кәсіби және тұлғалық даму үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл формат білім алушылардың дербестігін арттырып, оқу үдерісін икемді әрі қолжетімді етеді. Сондай-ақ, онлайн платформалардың алуан түрлілігі білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпалы зор. Онлайн курстардың жоғары сұранысқа ие болуы олардың практикалық бағыттылығымен және еңбек нарығының ағымдағы талаптарына жедел бейімделуімен

байланысты. Жоғары оқу орындары үшін мұндай формат тек білім берудің баламалы түрі емес, сонымен қатар білім сапасын арттыру мен академиялық қауымдастықты кеңейтудің тиімді тетігі болып саналады. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде түрлі бағыттар мен тақырыптар бойынша жаппай ашық онлайн курстарға арналған арнайы сайт жұмыс істейді. Бұл бастама заманауи білім беру экожүйесінің маңызды элементі ретінде жастардың цифрлық сауаттылығын дамытуға және өмір бойы білім алу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ПАЙДАЛАНУ



Гуманитарлық және Жаратылыстану-техникалық факультетінің оқытушыларына «Педагогикалық салада жасанды интеллекті пайдалану» тақырыбында ғылыми семинар өтті. Семинарды орыс тілі және әдебиеті кафедрасының доценті Б.Ауелбекова және жаратылыстану-техникалық факультетінің ғылыми жұмыс жөніндегі декан орынбасары, PhD М. Ауелбек ұйымдастырды.

Семинардың мақсаты – оқытушыларды жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне енгізудің заманауи тәсілдерімен таныстыру және

педагогикалық қызметтің цифрлық трансформациясының ғылыми-әдістемелік негіздерін талқылау болды.

Семинар барысында жасанды интеллекті оқу үдерісіне интеграциялау; цифрлық құралдар арқылы оқытудың және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру; студенттердің зерттеу және талдау құзыреттіліктерін дамыту; жасанды интеллекті қолданудағы этикалық және академиялық аспектілер айтылды.

Семинарға қатысушылар ұсынылған материалдардың тәжірибелік маңыздылығын жоғары бағалап, білім беру бағдарламаларына енгізуге дайын екендерін білдірді.

## «ENACTUS ZHETYSU» КОМАНДАСЫ ІІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ

Астана қаласында «Ауыл» партиясының ұйымдастыруымен агрохакатон байқауы өтті. Оған І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Enactus Zhetysu» командасы қатысып ІІ орын және 300 000 теңге сыйақы иеленді. 200-ге жуық команда қатысқан республикалық додада біздің жастар үздік деп танылып, ақтық сында өнер көрсеткен 16 ұжымның қатарында болды.

Аталған шараның мақсаты – ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық идеяларды қолдау, жас кәсіпкерлер мен агротехнология бағытындағы мамандарды біріктіру, сондай-ақ ауылдық өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу.



## ДӘЛДІККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ӘЛЕМ

Мен Габаев Мирас Маликович Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің "6B07502-Стандарттау, сертификаттау және метрология" білім беру бағдарламасының 4 курс студентімін және өз мамандығым туралы айтқым келеді.

Мен оқитын "Стандарттау, сертификаттау және метрология" ББ байсалды және тіпті аздап жұмбақ болып көрінеді. Бірақ оңай тілмен түсіндірсек, бұл сапа, сенімділік және дәлдік туралы ғылым. Егер инженерлер ғимараттар мен жолдарды салып жатса, онда біз мұның бәрі қауіпсіз және тиімді жұмыс істеуі керек ережелерді жасаймыз.

Мен бұл мамандықты таңдадым, өйткені ол ғылымның дәлдігі мен қоғамның нақты пайдасын, сондай-ақ кейбір физикалық мәселелерді біріктіреді. Ол әлемге сыни көзқараспен қарауды үйретеді: фактілерді тексеру, егжей-тегжейге мұқият болу және әрбір сапалы өнімнің артында үлкен жұмыс бар екенін түсіну.

Біздің студенттер сапа менеджмент жүйелерінен бастап, өнімді сынау әдістеріне дейінгі көптеген пәндерді оқиды. Қазақстанның басқа елдері мен жоғары оқу орындарында оқудың белгілі бір кезеңі ішінде білім алушылардың, оқытушылардың немесе ғылыми қызметкерлердің оқуын жалғастыруымен, тәжірибе алмасуымен және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуімен сипатталатын халықаралық білім беру кеңістігіндегі маңызды үрдіс болып табылатын академиялық ұтқырлық мүмкіндігі бар. Оқыту барысында студенттер Техникалық реттеу, мемлекеттік қадағалау, сапа менеджменті жүйелері, метрологиялық қамтамасыз ету және сертификаттау рәсімдері бойынша іргелі білім алады. Жабдықты өлшеу мен калибрлеуден бастап стандартты әзірлеуге немесе аудитке қатысуға дейінгі практикалық дағдыларға ерекше назар аударылады. Зертханалық сабақтар қызықты, онда біз өлшеу

құралдарының дәлдігін тексереміз немесе әртүрлі өндірушілердің өнімдерін стандарттар бойынша салыстырамыз. Біздің студенттер конференцияларға қатысады, зауыттарда, сертификаттау орталықтарында және метрологиялық зертханаларда тәжірибеден өтеді. Жаңа стандарттарды әзірлеуге немесе нақты кәсіпорында өнімнің сапасын зерттеуге көмектесу мүмкіндігі бар. Кейде бұл детективтік тергеу сияқты себебі өндірушінің ережелерді бұзған жерін табу, іздеу, анықтау жұмыстарын да жүргіземіз.

Мамандықтың айрықша артықшылығы-оның әмбебаптығы. Түлектер өнеркәсіп пен энергетикадан бастап медицина, тамақ өнеркәсібі, құрылыс және IT салаларына дейін әртүрлі салаларда сұранысқа ие. Олар сапа сарапшылары, метрология инженерлері, сертификаттау мамандары, менеджмент жүйесінің аудиторлары және стандарттау қызметтерінің менеджерлері болады. Түлектер сапа сарапшылары, стандарттау инженерлері, сертификаттау органдарында, сынақ зертханаларында, әртүрлі салалардағы кәсіпорындарда мамандар болып жұмыс істейді. Бүгінгі таңда бұл ең сұранысқа ие мамандардың бірі, өйткені әрбір компания өз өнімдерінің "стандарт бойынша" болуын қалайды.

"Стандарттау, сертификаттау және метрологияны" таңдай отырып, студент беделді және өзекті мамандықты ғана емес, сонымен қатар Қазақстанда да, халықаралық аренада да мансаптық өсу үшін кең мүмкіндіктер алады. "Стандарттау, сертификаттау және метрология" мамандығы тек мамандық емес. Бұл біздің өміріміздегі сапа мен қауіпсіздік үшін жауапкершілік. Егер сіз тәртіп, дәлдік және әділеттілік идеясына жақын болсаңыз, онда бұл жол сіз үшін. Бізде сізге әрқашан орын бар.

Автор: Габаев Мирас Маликович  
 Жетекшісі: Тоқанбаев Асхат Еркінұлы

## WORLD INCLUSION CONGRESS КОНГРЕСІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің өкілдері 15–17 қазан аралығында Алматы қаласында өтіп жатқан инклюзивті білім беру жөніндегі алғашқы Дүниежүзілік — World Inclusion Congress (WIC 2025) конгресіне қатысты. Ауқымды шараға әлемнің 51 елінен 1500-ден астам адам: мемлекеттік құрылымдардың өкілдері, ғылыми қауымдастық мүшелері, халықаралық ұйымдар, педагогтар, сарапшылар және инклюзивті білім беру саласының көшбасшылары жиналды. Қазақстан атынан қатысушылардың ішінде білім беру саласындағы инклюзивті ортаны дамыту мәселелерін талқылауға елеулі үлес қосқан І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушылары да бар. Оқу орны ғалымдарының мұндай ауқымды халықаралық іс-шараға қатысуы университеттің ғылыми беделін әлемдік деңгейде нығайтып қана қоймай, елімізде инклюзивті білім беруді дамыту жолындағы маңызды қадам болды.



# ІЛИЯСТЫҢ МӘСКЕУГЕ САПАРЫ



көшесінің атауы ұлы жазушының құрметіне өзгерген болып шықты.

Институт ғимаратының бұрынғы тарихына үңілсек, 1831-1834 жылдары декабрист, граф М. Орлов тұрған кезде осы үйде оның демократтық ой-пікірдегі А. Пушкин, Е. Баратынский сынды ақын-жазушы достары жиі жиналатын дәстүр болғандығы туралы да деректердің жеткілікті екендігі анықталды. Қаламгер оқыған журналистика институты орналасқан ғимарат туралы тарихи фактілер негізінде қалыптасқан бір түйін ойларымыз осы.

Келесі факті – Ілиястың студенттік өміріне байланысты қазіргі Ресейдің мемлекеттік архивіне түскен құжаттары төңірегінде болмақ. Сарғыш тартқан құжаттарды көргенімізде жүрек лүпілдегені анық. Оның жалпы саны 13 екен, мазмұнына қарай оларды 4 топқа бөлдік.

1. Ілияс Жансүгіровтің өмірбаянын толықтыратын және нақтылайтын құжаттар:

а) Бүкілодақтық коммунистік партия қатарына өту мерзімі – 1924 жыл анықтайтын



құжат – Мәскеудегі мемлекеттік журналистер институты жанындағы БКП (б) ячейкасы 3-ші партия үйірме мүшелерінің жалпы жиналыс хаттамасы.

ә) 1927 жылы 15-18 қаңтар аралығында институтта өткен партия санағы БКП (б) ячейкасы бюро мәжілістері хаттамаларының құжаттарынан (№84, 8 желтоқсан, 1926 жыл. №86, 19 қаңтар 1927 ж.) негізінен жаңа үлгідегі партбилеттер беру науқанымен айналысқан. 1925 жылы қыркүйек айының мүшелік жарнаны төлеу тізімінде Ілиястың партбилет номері – №92994, 1928 маусым айының тізімінде – №0086249.

б) Институтта оқыған жылдары мүшелік жарнаны төлеу тізімдерімен де нақтыланады. Алғаш рет Ілияс Жансүгіров фамилиясы 1925 жылдың қыркүйек айында, соңғы рет 1928 жылдың маусым айларының тізімдерінде көрсетілген.

2. Осы институтта оқып жүрген мерзімде ресми ұжымдардың Ілияс Жансүгіровке берген мінзедіме топтамасы:

а) Саяси сауатты. Тәртіпті. Сабырлы және салмақты. Орташа бөлсенді – БКП (б) ячейкасы бюро мәжілісінен;

ә) Шаруа. 1924 жылдан партия мүшесі. Саяси сауатты. Үйірмеде белсенді, тәртіпті, сабырлы. Жиналыстарға уақытымен қатысып отырады. Институттан тыс практикант санатында рабкоррлар үйірмесінде жұмыс жасады, өз жұмысында қызығушылық және белсенділік көрсетті – (БКП(б) ячей-

касы 3-партия үйірме мүшелерінің жалпы жиналысының №11 хаттамасы).

Ілияс Жансүгіровтің көрген-білген замандастары ол туралы естеліктерінде «... нағыз азаматқа лайық қасиеттерінің ішінен сырлы да сырбаздығын, алыстан ойлап, кеңінен толғайтындығын, асып-саспайтын маңғаздығын және қандай жұмыс, тапсырма болсын үлкен жауаптылықпен қарайтындығын...» ерекше бөліп айтады. Өнер-білімге кеш келген Ілияс аз ғана өмір сүрді, бірақ осы мерзімде белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, беделді ұстаз, танымал жазушы, ақиық ақын, үздік журналист болып қалыптасты.

Міне, осының бәріне де уақыт тауып, жемісті қызмет етуіне оның жоғарыдағы қасиеттері себепші болғаны айқын.

3. 1927 жылы жазғы тәжірибені қалай өткергені туралы жеке есебі: жазылған мерзімі – 27.12.1927 жыл.

4. Жатаханада және жеке пәтерде тұратын студенттердің тізімінде І. Жансүгіровтің мекен-



жайы «Царицыно дачное, Покровская сторона» деп көрсетілген. Бұл деректер – ғылыми қызметкерлерге Ілияс тұрақтаған мәскеулік мекенжайды жүйелі түрде іздестіріп анықтауға бағыт-бағдар болады деп есептейміз.

Ілияс Жансүгіровтің орыс халқына танымал болуына ерекше еңбек еткен жазушы аудармашы Константин Алтайский былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Москвадағы Горький көшесінде екеуіміз келе жатқанда ол астанада үш жыл оқығанын, Маяковскиймен, Багрицкиймен, Светловпен кездескенін, музейге, Третьяков галереясына, Ленин кітапханасына барған шақтарын әңгімелейді. Оның «Дала» поэмасы өз халқының тарихын ақын тілімен жырлап берген қазақ «Илиадасы» десе болғандай. Көп жыл өткен соң мен осындай тамаша поэманы орыс тіліне құштарлана аудардым».

Бізді қызықтырған келесі дүние – Ленин кітапханасы еді. Өйткені, Ілияс өзінің студенттік ұзақ күндерін Ленин кітапханасында өткізеді, оның себеп-салдары белгілі еді.

«Мамания» мектебінде төрт ай шамасында оқыған тұста Барлыбек Сыртановтың аузынан талай рет естіген әлем әдебиетінің жауһарлары, оның құдіреті Ілиясқа маза бермейді.

Жас кезінде өзінің табиғат берген қабілет-қорымы арқасында ауылды жердің «оқуын» толық иге-ріп алған Ілиясты алға, білімге жетелеген тағы бір жайт – Барлыбек Сыртановпен кездесуі.

Барлыбек Сыртановтың баласы Әбдулқадыр (Көке) Сыртанов былай деп еске алады: «Ілияспен жақын танысып араласып кеткенім әлі есімде. 1913 жыл еді. Онда әкем тірі. Ілияс менен ересектеу болатын. Біздің үйге келгенде жас әнші жігітке әкем араб әрпімен басылған қазақ кітаптарын беруші еді. Орыс, Еуропа ақындары туралы айтып отыратын» (Азамат ақын. Алматы, 1994, 180 бет).

Дегенмен Ілиястың сол тұста өзінің хал-қадірінше әлемдік әдебиеттен хабардар болғанын төмендегі деректер жоққа шығармайды.

Мәрзия Ильдарова – кеңес өкіметі тұсында түрлі қызметте болған, көз қарақты, білімді адам. Өз естелігінде Ілиястың 1918 жылы Ақсудың батысындағы Қайнар дейтін

ауыл мешітінде орыстың және батыстың атақты классиктерін оқып отырғанын көреді. Кейін сол кітаптардың бірқатарын аударып қазақша сөйлетеді. Ол кітаптар XIX ғасырда жарық көрген озық ойлы авторлар Л. Толстойдың «Семья», «Бақыт неде?», Салтыков-Щедриннің он екі томдық жинағы, сол сияқты И. Гончаров, А. Чехов, И. Тургенев, К. Григорович, М. Лесков, В. Жуковский, А. Шиллер-Михайлов, Ф. Достоевский, В. Белинский секілді ақын-жазушы, сыншылардың шығармалары болған. Сонымен қатар, XIX ғасырдың аяғына дейін және XX ғасырдың алғашқы он жылында орыс тіліне аударылып үлгерген әлемдік әдебиет өкілдерінің де шығармалары көп кездескен. Мысалы, Г. Гейнениң алты томдық жинағы, сол сияқты Вальтер Скоттың он төрт томдық жинағы, М. Сервантестің «Дон-Кихоты», Фирдоусидың «Сохрабтың тарихы», А. Доденнің повестері мен әңгімелері, бір ғана Жюль Верннің шығармаларынан жиырма төрт кітап болған.

Сөйтіп, мұсылман дінін уағыздауға арналған Қайнар құмындағы мешіт әлемдік әдебиеттің асыл қоймасы болып шыққан. Мұны судан сүзіп ішкен тума талант Ілияс әлемдік әдебиеттің түрлі әсем үлгілерін өз қолына ұстап, өнегесінен үйренген, еркінше оқып, еміне сусындаған.

Қысқасы, Ілиястың тұңғыш шыққан жыр жинағының жайы солай болса, бұл оқиға оқу бітіріп келген жастың кейінгі қалам сілтесіне ешбір нұқсан келтірген жоқ. Керісінше, қайта өршеленіп, поэзия өлкесіне батыл қадам жасауына ықпал етеді. Сағат санап өскен жаңа өмірдің әр қадам қарқынынан қалмай, қарымды, жақсы жыршысы болу үшін өлең топтамаларын үдете жаза түседі. Сонда Қайнар мешітінде бұл қазына қайдан келген?

Жетісудың жергілікті халықтарының ішінде ертеректе оқып, білім алған ұлт өкілдерінің бірі – Барлыбек Сыртанов. Ол өткен XIX ғасырдың соңғы жылдарында орысша оқуға шақырылып, Верный гимназиясын алтын медальмен, Санкт-Петербург университетінің араб тілі факультетін күміс медальмен бітіріп, XX ғасырдың алғашқы онжылдығы ішінде Жетісу облыстық басқармасында тілмәш болып қызмет атқарған. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының ықпалымен патша өкіметінің саясатына қарсы болып, жергілікті қазақ-қырғыз арасында саяси-ағартушылық жұмыстар жүргізгені үшін 1908-09 жылдары қызметінен қуылған. Сөйтіп, Ақсу ауданындағы Сүттіген ауылына көшіп келген Барлыбек Санкт-Петербургте сатып алған әлемдік әдебиеттің алтын қоры 2000 кітапты елге артып ала келеді.

1909 жылдан өзі қайтыс болған 1914 жылдың аяғына дейін «Қарағаш» мектебінде оқып жүрген қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берсе керек. Өйткені, Барлыбектің баласы Көке Сыртанов өзінің естеліктерінде: «Мұғалім болып жүргенде Ілияс Жансүгіров Барлыбектің кітаптарын алып, сақтап жүретін», дейді. Ал сол жылдары Ілиястың «Қарағаш» мектебінде оқығаны белгілі.

Келесі кезекте бізді қызықтырған дерек, – Ілияспен қатарлас, тағдырлас замандасы Әлихан Бөкейхановтың жерленген жері еді. Ол жерді табу да еш қиындыққа түспеді. Бізбен сапарлас тарихшы Ержан Олжабайұлы Әлихан Бөкейхановтың өмір тарихын өте жақсы зерделеген жан екен. Сондықтан көп ұзамай тағдыры күрделі, заман теперішін бір адамдай көрген асыл азаматтың белгі қойған зират басын көріп, тәу етіп аруағына бас иіп, Құран бағыштадық.

Ол кісімен бірге Нұрмақов Нығмет, бірге атылып, бір күні 27 қыркүйек күні бақи дүниеге аттанған екен.

Ей, төкаппар дүние!

Маған да бір қарашы.

Танисың ба сен мені?

Мен – қазақтың баласы!

Осы өлең жолдары Мәскеу топырағында мәңгі тыныс тапқан қазақ арыстарының басында жазулы. Елі мен жері үшін жанын қиған асыл азаматтардың рухына тағзым ете отырып, біз бір нәрсені айқын сезіндік. Олардың көрген азабы, төккен тері, тартқан мекхаты — еліміздің тәуелсіздігімен ақталды. Сол тәуелсіздіктің қадірін ұғыну – бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы.

**Мұратбек ИМАНФАЗИНОВ,**  
**«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі**  
**филология ғылымдарының докторы,**  
**профессор.**

Жетісу университетінің тарихында өз еңбегімен өшпес із қалдырған тұлғалардың бірі – Жепенова Ғалия Мұқанқызы. Бір ұжымда табанды түрде қырық жыл бойы үздіксіз еңбек ету – бұл ерекше кәсіби шеберліктің және ортаға деген шынайы ықылас пен адалдықтың айқын көрінісі. Университет дамуының әр кезеңіне куә болып, ауқымды өзгерістердің бел ортасында жүріп, жаңашылдыққа ұдайы ұмтылып, заман ағымына ілесе білген Ғалия Мұқанқызы бүгінде асқаралы 60 жасқа толып отыр.

Ғалия Мұқанқызы 1965 жылдың 27 қазанында Алматы облысы, Сарқан ауданы, Пограничник ауылында қарапайым, еңбекқор отбасында дүниеге келген. Әкесі Жепенов Мұқан ауыл-аймаққа сыйлы, Ұлы Отан соғысының ардагері, өмірін ауыл шаруашылығына арнаған еңбек адамдарының бірі болды. Ұлы Отан соғысына 1941 жылы аттанып, Курск шайқасында жарақат алып, госпитальға түседі. Одан кейін Жапония мен Кеңес соғысына қатысып одан 1947 жылы оралады. Жалпы жеті жылға жуық уақытын майдан алаңында өткізеді. Шәріпбай інісі соғыста мерт болып Мұқан әулетте жалғыз қалғандықтан Алладан балаларым көп болса екең,-деп тілеген екен. Мұқан ақсақалдың тілегі қабыл болып

борант қызметін атқарды. Осы жиырма жылдың ішінде Ғалия Мұқанқызы кафедра өмірінің барлық саласына белсене қатысып, оқытушылар мен студенттердің сенімді көмекшісіне айналды. Ғалия Мұқанқызының еңбегі – университеттің тыныс-тіршілігіндегі тұрақтылық пен үйлесімділіктің айқын кепілі болды.

Кафедраның есігін ашып, табалдырығын аттаған әрбір адамды ең алдымен жылы жүзбен қарсы алатын адам - лаборант. Бірі құжат іздеп, бірі кеңес сұрап келгенде дұрыс бағыт-бағдар беріп, кафедра, тіркеу бөлімі, оқу бөлімі және т.б. бөлімдер арасына көпір болатын да осы лаборант ханымдар. Оқытушының хабарын кафедра меңгерушісіне, меңгерушінің тапсырмасын ұжымға түсіндіріп, қиынды қиыстырып, бүгілген жерді жазып, түйінді тарқатып, «қыртысты үтіктеп» жүретін де – тасадағы тарлан лаборанттар. Оқу үрдісіндегі кез-келген істің жай-жапсарын білетін осы бір қызмет иелерін кафедраның күретамамы деп атасақ, еш қателеспейміз. Күретамамырдың қуаты басқа да тамырларға есер ететіні секілді лаборант қызметі кафедраның, одан соң факультеттің барлық шаруасының шешілуіне ұйытқы болады. Сол себептен де әр оқу орны үшін лаборанттардың орны ерекше, - деп жазыпты белгілі журналист

меңгерушілерімен қызметтес болдым. Әр меңгерушіден кәсіби шеберліктің үлгісін көріп, соны бойыма сіңіре білдім. 2000 жылы кафедра ағылшын тілі мұғалімі мамандығының алғашқы түлектерін шығарды. Содан бергі жиырма жыл ішінде күндізгі және сырттай бөлімді бітірген 3000-ға жуық түлектердің құжатын рәсімдеп, олардың өмірлік жолына жолдама беруге өз үлесімді қостым. Бұл жылдар мен үшін ең қымат кезең болды», -депті.

Университеттегі құрылымдық бөлімдер атауының өзгеруіне байланысты Ғалия Мұқанқызы 2020 жылдан бастап баспа бөлімінде, имидждік саясат орталығында, оқу-өндірістік цехының баспахана бөлімінде аға шебер қызметін атқарды. «Аға шебер» деген лауазым атауы болғанымен ол кісінің жұмысы университеттің оқытушы-профессорларының, ғалымдарының жазған оқу-әдістемелік құралдарын, оқулықтарын, монографияларын, конференция және Жетісу университеті Хабаршысы журналының материалдарын өңдеп, қалыптады. Университеттің редакциялық баспа кеңесінің мүшесі.

Ғалия Мұқанқызының еңбекқорлығын оның университеттің қабылдау комиссиясында 20 жылға жуық техникалық хатшы болып жұмыс істегенінен байқауға бола-

бойы абыроймен атқарды. Кәсіподақ мүшелерінің әр қайсысына өз отбасының мүшесіндей қарап, олардың қуанышты сәттерінде, қиын-қыстау кезеңдерінде қолдау көрсетіп, қол ұшын созды. «Адамның адамгершілігі – жақсы мінез, ақыл, ар, ұят, әділет, мейірімділік сияқты қасиеттермен өлшенеді», - деп Абай атамыз айтқандай, Ғалия Мұқанқызының болмысы туралы әріптестері тек жақсы пікір айтады. Оның адамгершілігі, адалдығы, әділдігі, жауапкершілігі, әр істі үлкен ыждағаттықпен орындайтын, үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын, білгенін үйретуден жалықпайтын мінезі бізге үлгі болды. Жаны таза, жүрегі кең, пейілі ақ адаммен бір ұжымда жұмыс істеу бір ганибет дейді. Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының «жаны мен тірегі» болған Ғалия Мұқанқызы туралы әріптестерінің бұл пікірін адал еңбек иесіне деген құрметтің белгісі деп қабылдадық.

Иә, адал еңбектің бағаланғаны қашанда жақсы. Себебі, ол адамды алға жетелейді, жігерлендіреді және қоғамға пайда әкелетін ізгі істерге бастайды. Ғалия Мұқанқызының жоғары білімді дамытуға, оқу процесін жетілдіруге, университеттің өркендеуіне қосқан үлесін университет әкімшілігі әрдайым жоғары бағалап

# ҒАЛАМАТ ЖАН - ҒАЛИЯ

Жепеновтар отбасында 8 бала дүниеге келеді. Балаларының бәрі де жоғары білім алып, педагог болады. Ауылда Мұқан атаның отбасын «мұғалімдер әулеті» деп атайды. Анасы Зағия тыл ардагері, балаларын тәрбиелеп, отбасының берекесін келтіріп отырған батыр ана еді.

Ғалия - әулеттің кенже қызы. Ата-анасының мейіріміне бөленіп, аға-әпкелеріне еркелеп өскен Ғалия жастайынан алғыр, еңбекқор, білімге құштар болды. Мектепті үздік бітірген соң, Талдықорған педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1990 жылы «Ұлттық мектептегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білім алды.

Оқуын еңбекпен үйлестіруді жөн санаған бойжеткен 1987 жылы оқып жүрген институтқа оқу бөлімінің диспетчері болып орналасады. Уақыт өте келе тәжірибе жинақтап, көп ұзамай кадрлар бөлімінің инспекторы, кейін басшысы, I-бөлім басшысы, Ғылыми кеңес хатшысы, алғаш ашылған аспирантура бөлімінің лаборанты, мұражай сақтаушысы лауазымдарында қызмет атқарды.

Ғалия Мұқанқызы қай қызметті атқарса да бар ынтасымен, үлкен жауапкершілікпен, асқан табандылықпен істейді. Ол өз ісіне шын берілген, кез-келген тапсырманы сапалы әрі уақытылы орындайтын маман екенін дәлелдей білді. Жұмыс барысында ұқыптылығы мен тиянақтылығы, еңбекқорлығы мен бастамашылдығы ерекше байқалып тұрды.

Жоғары оқу орнының басты міндеті – білікті маман даярлау. Студентке терең білім мен берік іргетас бере алған оқу орнының білім бәсекесінде оқ бойы озық екені баршаға мәлім. Театр сахнасында көрерменге тек актер еңбегі ғана көрінетіні секілді, оқу орнында да еңбектің жемісі түлектердің сапасымен өлшенеді. Алайда, маман даярлау, жоғары оқу орындарының жұмысын ұйымдастыру ісінде тасада қалып, еңбегі елене бермейтін кафедраның еңбекторысы, нардың жүгін арқалап жүрсе де, қалың көптің назарына іліге бермейтін бір міндет – лаборант қызметі. Ғалия Мұқанқызы 2000-2020 жылдар аралығында I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Гуманитарлық факультеті, шетел тілдері және аударма ісі кафедрасында аға ла-



Назым Дүтбаева. Әріптесіміздің «Жетісу университеті» газетіндегі «Кафедраның күретамамы-лаборант» атты мақаласында біздің кейіпкеріміз Жепенова Ғалия лаборант қызметінің қиындығы мен қызығына тоқталыпты. «Лаборант кафедраның құжаттарына жауапты, сол себепті кафедра мүшелерінің жыл бойы істейтін жұмыстарын ақпараттандырып, орындатуын қадағалап, қорытындылап, жинақтап тіркеп отыру керек – қиындығы осында. Ал қызығы – кафедра ұжымымен жасыны да, жаманды да бірге көріп өмір сүресің. Ағылшын тілі кафедрасын ашқан ұлағатты ұстаз, шебер ұйымдастырушы Майра Рахметқызымен бірге 10 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, баға жетпес тәжірибе жинадым. Сондай-ақ, Ұлсерік Қадырбайқызы бастаған тағы 7 кафедра

ды. Жыл сайын жоғары оқу орнына түскісі келген талапкерлерден құжат қабылдап, олардың ата-аналарының сұрақтарына жауап беріп, сапалы қызмет көрсете білді.

Ғалия Мұқанқызы өте жаңашыл, ізденімпаз адам. Компьютер тілін жақсы меңгерген. Жұмыс бабында жаңа бағдарламаларды кеңінен қолданып, құжат дайындау, кесте жасау, қалыптау, графикамен жұмыс, тағы басқаларын еркін атқарады. Оның бір дәлелі соңғы жылдары университет түлектерінің дипломдарын цифрлық жүйеге көшіру жұмысына қатысып, оны жауапкершілікпен орындауы. Қазіргі уақытта жасанды интеллект бойынша курстар оқып, ЖИ мүмкіншіліктерін меңгеруде. Сонымен қатар, Гуманитарлық факультет кәсіподақ ұйымының төрайымы міндетін он жыл

отырды. Ол 2010 жылы Жетісу мемлекеттік университеті Ректорының Құрмет грамотасымен, 2011 жылы Білім және ғылым кәсіптік одағының Талдықорған аумақтық Кеңесінің Құрмет грамотасымен, 2012 жылы I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 40 жылдық мерейтойы қарсаңында Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2017 жылы Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы Талдықорған аумақтық ұйымының Бағалы сыйлығын иеленді.

2022 жылы I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрылғанына 50 жыл толуына орай мерекелік медальмен және Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталды. Ал 2024 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет Грамотасымен, 2025 жылы Республика күніне орай «Ілияс Жансүгіров» төс белгісімен марапатталды.

Ғалия Мұқанқызы жақсы қызметкер болуымен қатар, адал жар, аяулы ана. Отбасын береке мен мейірімге толтырып отырған ардақты жан. Екі баласына тәлімді тәрбие беріп, адалдық пен адамгершілікті бойларына сіңіріп келеді.

Жолдасы Мұса Келіс Тұрабайұлы да ұлағатты ұстаз. Білім-Инновация лицейінде әкімшілік және ұстаздық қызмет атқарады. Қызы Гүлдана, Мұхтар Арын атындағы №24 ДБАЛ-ды бітіріп, жоғары оқу орнын үздік аяқтады. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ -дың магистратура-сын тәмамдап, ағылшын тілі пәнінің білікті оқытушысы. Қазіргі таңда гуманитарлық факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары. Ұлы Темірлан НЗМ-ны үздік аттестатпен бітіріп, Назарбаев университетінде Computer Science бағдарламасында білім алып жатыр.

Өмірін өнегемен өрнектеген Ғалия Мұқанқызын мерейлі 60 жасымен құттықтаймыз. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, қызметіңізге табыс тілейміз. Әрдайым балаларыңыз бен жақындарыңыздың қуанышына бөлене беріңіз!

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ: I.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Бас редактор: Б. Шаянбаева**  
**Редактор: А.Иебекова**  
**Дизайнер: Б.Таубалды**

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**

Талдықорған қаласы,  
Жансүгіров көшесі, 187 а.  
**Байланыс телефоны: 11-72**

**Индекс 64568**